



## Алғы сөз

Соңғы уақыттарда ғылыми тарихи ой қарқынды жылжып келеді. Отандық және шетелдік тарихта әр тарапты күрделі кезеңге қатысты мәселелерді қамтыған ғалымдардың зерттеу аясы бүгінде едәуір кең. Солардың бірі – ГУЛАГ лагерьлерінің жүйесі.

Қоғамдық сан салалы қозғалыстар, ғылыми орталықтар мен зертханалар кеңестік террор дәуірі келбетін көрсететін материалдар және еңбекпен түзеу лагерьлерінің жүйесі мен құрылымы туралы ақпараттар жинаумен айналысып, мұражайлық коллекциялар, сондай-ақ белгілі бағытқа мамандандырылған кітапханалар құрылып жатыр. Сталиндік қуғын-сүргін құрбандарының тізімін жасау ісі негізінде ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Өткен дәуірді біршама ауқымды сипаттайтын мұндай келелі мәселеге деген қызығушылықтың артуынан мұрағаттармен жұмыс жасау мүмкіндігі жақсарып, бұқаралық ақпарат құралдарынан жарияланған жаңа

материалдарға көпшілік оқырманның қолы жететін болды. Осының негізінде адамдар КСРО-ның барлық территориясына қанат жайған жантүршігерлік қасіреттің шынайы келбетін анық байқап, алып елдің әрбір тұрғынына қандай да бір залалы тиген сол дәуірдің бетперделерін ысырып тастап, ақ пен қараны ажырата бастады.

Адам бұл жүйеде ешқандай роль ойнаған жоқ. Оның өмірінде құн болмады. Қазірде кеңестік тарихта орын алған осынышама жайттарға соқтырған оқиғалардың себептері туралы ғалымдар арасында түрліше пікір қалыптасып отыр. Көзқарастары тұрғысынан көбінесе ашақ кетіскенімен, сталиндік лагерьлерден өткен адам тағдырының шектен тыс әділетсіздіктің, өмірдің ауыр сынағының тарихы екендігі туралы пікірлері бір арнада түйіседі. Ендеше адам тағдыры жайлы мәселе ешкімді де бей-жай қалдырмаса керек.

Қуғын-сүргін тақырыбы Қазақстан Республикасы үшін ерекше жақын әрі мазмұнды саналады, себебі режімнің ең бір қанқұйлы деген Қарлаг, Степлаг, Луглаг, Песчанлаг, АЛЖИР және тағы да басқа лагерьлері біздің елдің территориясында болған. Ғылым, мәдениет, өнер және саяси көптеген қайраткер жазаларын осында өтеген.

Солардың қатарында келешегінен зор үміт күттірген өмірі біріне-бірі ұласқан сұмдыққа айналып, ойламаған жерден басқа бағытқа ойысып сала берген, көзі ашық отбасынан шыққан студент Лев Александрович Вознесенский де бар.

Ленинград университетінің ректоры, кейіннен РКФСР ағарту ісі жөніндегі министр болған Александр Алексеевич Вознесенский мен мұғалім, кейіннен «Ленэнерго» қызмткері болған Анна Васильевна Судакованың ұлы азаматтық ұстаымы айқын адал адам болды. Лев Александрович өмірінің ең бір ауыр сәттерінде де – Вознесенскийлер отбасының мүшесі ретінде Қарағанды облысындағы Песчаный лагеріне жөнелтілерде, тергеуші: «Біліп қой, сен бізден тірі шықпайсың!» – деген «тілеумен» шығарып салып тұрғанда да – табандылығынан танбаған.

Бір кездері Кеңестік мемлекеттің жоғары орындарында қызмет еткен атақты туысқандарының сотталғаны сотталып, атылғаны атылып кетеді. Белгілі фамилиясы Лев Александрович жасадайының қалай да жеңілдетілуіне ықпал етсе керек еді, алайда тек оқиганы онан әрі ишеленістіре түседі, тіпті өліміне де соқтыра жаздаған: лагерьге кеп түскен алғашқы сағаттарында-ақ оған қастандық жасалады. Таңданарлық жасадайы

ғана аман қалған ол лагерлік өмірдің барлық құпиясын кейіннен барып білген. «Өздерінің» арасындағы ұнамсыздар тізімінде сотталғандар мен бандалық топ (осылардың ықпалы ересен болған) арасында орын алған шиеленіске қатысушылардан басқа танымал фамилиялы адамдар да бар екен, Лев Александровичтің айтуы бойынша, ол фамилиялардың танымал екендігі бесенеден белгілі.

Дегенмен өмірде тартқан тауқыметі бұл адамды мойыта алмаған. Темірдей жігер, тіршілікке деген құштарлық, моральдық берік ұстанымдары – барлығы сталиндік террорға төтеп беруге ғана емес, ең бастысы, ит байласа тұрғысыз осындай жағдайлардың бәрінен аман шығып, адамдық болмысын сақтап қалуына сеп болды.